ТАҒАМ

FULLER'S
PUB & WINE
BOTANICAL
GARDEN

ШҰЖЫҚТАР



Шотландиялық шұжық 4999
Бұл шұжықтың рецепті – Брюсов әулетінің асыл мұрасы!

Ливерпульдық шұжық 4999
Бұл сұлу жігіт битлмен бірге ән сала алар еді, бірақ сені таңдады.

Сиыр етінен дайындалған және шотландиялық купаттар 5499
Өміріңде дәмін татып көрген ең керемет купаттар! Айтқандай-ақ, еш артық әсірелеусіз!

Шұжықтар сеті 14499

СЫРАНЫҢ ЖАНЫНА

Уэльс Сыра жинағы 7299
Британ ғалымдары зиянды деп, ал Уэльс диетологтары пайдалы деп санайтын заттардың барлығы. Жалғыз жеме!

Фиш-энд-Чипс 4599
Иә, ескі ағылшын рецепті бойынша жасалған балық пен картоп.

Дзадзики / чили соусымен берілетін сити чикен вингз 3399
1666 жылғы Лондон рецепті бойынша.

Дарк Сайдтағыдай стрипстер 3399
Бірдей! Сөз беремін!

Тауық мойны 2099
Аңыз бойынша, тауықтардың мойны бұрын аққудың мойнындай ұзын әрі әсем болған. Бірақ біз олардың дәмді екенін байқаған сәттен бастап бәрі өзгерді!

Чебуректер 2999
Біртүрлі, бірақ ағылшындар сүйсінеді, ал біз таңғалдық.

Қойдың пістелері 4899
Қытырлақ қуырылған қой қабырғалары.

Кальмар сақиналары 2499
Сквидвардтың өзі мақұлдайды!

Ірімшік таяқшалары 2499
Жоғары сапалы және дәмді ірімшіктер панировкаға аударылып, өте мұқият фритюрда қуырылған.

Кимчи тұздығындағы сыра асшаяндары . . . 4899
Бір кездері бірін-бірі сүйген асшаян мен сыраның арақатынасы зұлым күштердің әсерінен ажырап қалған еді. Біз сол әділетсіздікті түзетіп, оларды қайта табыстырдық! Махаббат үшін!

Тауық попкорны 2599
Киноға өзіңмен бірге ала бар. Көрермендердің бәрі таңғалады!

Кабаносики 3199
Қабатты, етке бай, бірден жойылатын нәзік тағам.

Темпура асшаяндары 3799
Иә, бұл жапон классикасы екені рас, бірақ паб деген – тосынсыйлар орны емес пе? Аңызға сенсек, Такэда Сингэн император атынан Англияға елші болып келіп, пабқа соққан. Қонаққа құрмет көрсету үшін оларға Эби темпура әзірлеп берген екен. Сол кезде Такэда тек «itadakimasu» деп, бәрін жеп тауысып... төлемей кетіпті.

Қытырлақ картоп 1799
Ирландиялықтардан ең үздігін алдық! Гиннесті емес, әрине – картоп чипстерін мінсіз дайындау өнерін! Кухулин, Дэниел О'Коннелл және Килиан Мёрфи де мұны мақұлдайды!

Трюфель қосылған қаймақпен берілетін батат фри 3299
Қытырлақ картоп өз балалық травмаларын жеңіп, байып, табысқа жетті де, сәнді бататқа айналды. Енді ол вебинарлар жазып, аралдарда смузи ішіп жүр.

Сиыр етінен чипстер / 30 гр 2399
Йоркширлік сәтке кірмей қалған еттің кішкентай бөліктерінен біз осы чипстерді жасадық – жұқа, татымды, әрі мінезді.

Жылқы етінен чипстер / 30 гр 2399
Сиыр етінен айырмашылығы неде? Оп-оңай, Ватсон! Бұл чипстер – жылқы етінен. Рақмет айтпасаң да болады.

Сиыр етінен бастырма / 30 гр 2999
Көшпелі халықтардың дәстүрі ағылшын пабының ас мәзіріне де енді. Бұл қалай болғанын ешкім де білмейді. Бірақ нәтижесі керемет! Бастырмасыз пинта - жартылай ләззат!

Сүрленген жылқы еті / 30 гр 2799
Түсіндіретін болсақ... жылқы етінің чиптеріне ұқсайды, бірақ сәл басқаша. Қысқасы, айтып түсіндіру қиын – жай ғана тапсырыс бер де дәмін көр.

Тауық джеркиі / 50 гр 2399
Аңызға қарағанда, дәл осы тауық кесектерін Арыстан Жүрек Ричард Үшінші крест жорығы кезінде тіскебасар ретінде жеген екен.

ТІСКЕБАСАРЛАР



Глазурленген сәбіз қосылған хумус 3199
Таяу Шығыс елдері хумустың иесі кім екені туралы әлі таласып жатқанда, біз оны жай ғана глазурленген сәбізбен ұсынамыз.

Пісірілген асшаяндар  4099
Бахтияр Директоровичтің сүйікті асшаяндары.

Тауық етімен кесадилья 3799
Вероника Кастра, Хуакин Косио Гильермо дель Торро және басқа мексикалық аспаздардың бала кезінен білетін рецепті.

Шаурма питада тауық еті / сиыр еті қосылған 3299/4299
Тікелей Невский даңғылынан жеткен дәм! Бірақ сақ болыңыз: бір татып көрсеңіз, көңіл күйіңіз өзгеруі мүмкін — Ахматованы қайталағыңыз келіп кетуі мүмкін, орамал тағып жүруіңіз, тауықты «кура» деуіңіз, подъезді «парадная», ал бордюрді «поребрик» деп атай бастауыңыз ғажап емес.

Майшабақ қосылған мини-бутербродтар . . . 2099
Лосось пен авокадо қосылған брускетта жегің келген кез, бірақ анаң "үйде де нан бар" деп соны жегізген сәт.

Сиыр фаршы мен ірімшік салынған шампиньондар 3399
Бұл рецептті қай қияли ойлап тапты деп сұрама. Ең бастысы — дәмді шықты!

Маринадталған черри кимчи 1199

* Қызмет көрсету ақысы 10% құрайды.
Егер сізде қандай да бір өнімге аллергия болса, бізге хабарлаңыз.

БУРГЕРЛЕР



Барлық бургерлерімізді үйде дайындалған бриошь тоқашымен жасаймыз.

Шеффилдтік қасап 5899
Егер сен грильде піскен ет пен пісірілген пияз жақсы үйлеседі деп ойласаң, онда "Шеффилдтік етші" бургерін міндетті түрде татып көр.

Тауық етінен жасалған бургер 3999
Егер сен бұл бургерді байқамай өтіп кетемін деп ойласаң — қатты қателесесің. Бұл жай ғана бургер емес, бургерлердің "Мона Лизасы"! Жұмсақ тауық еті, нәзік бриошь және ремулад соусы... керемет үйлесім.

СОРПАЛАР



Үй кеспесі қосылған сорпа 2499
Иә, дұрыс оқыдың. Дәл анашыңның рецептімен дайындадық. Күмәнің болмасын!

САЛАТТАР



Асшаян қосылған салат 3999
Дәмді әрі балғын қиыр шығыстық асшаяндары салатта сізбен кездесуін күтуде.

Стейк салаты 4799
Кішкентай стейк үлкен салатпен үйлескендей. Шырындылық пен үйлесімділік осы салаттың басты белгісі.

Кальмар қосылған жасыл салат 3799
Кальмар туралы ойынды ұмыт. Бұл салатта ол жұмсақ, хош иісті және өте дәмді болып дайындалады. Нағыз ерекше салат!

Ысталған балапан еті қосылған салаты 3499
Қуырылған балапан етімен безендірілген түстер мен дәмдердің керемет үйлесімі.

Рашн тіскебасары 3999
Рвшн ата энд аже ит зис тіскебасарвиз водка эври дэй. Энд плэй балалайка, энд мейк лав.

Қуырылған халуми ірімшігі қосылған салат . 5299
Ірімшікті қуыруға болатынын неше жасында білдің? Иә, кәдімгі қуырылған ірімшік!

#ЙОРКШИРЛІК СЭТ / 24999

Солтүстік Англия дәстүрлері енді сенің дастарханыңда!
Йорктан әкелінген сиыр еті, Лидстен келген балапан еті,
Шеффилдтен келген шұжықтар – деп айта аламыз, әрине.
Бірақ маңыздысы – бұл сэтті жалғыз жеймін деп ойлама!
Достарыңды шақыр – ет бөліскенді жақсы көреді.

НЕГІЗГІ ТАҒАМДАР

Кускус пен грек соусы қосылған ақсерке . . . 8399
Бұл — бір үлкен Жерорта теңізі мерекесі: марокколық кускуспен ақсерке, грек стиліндегі ақ соуспен және сицилиялық лимонмен үйлескен.

Моле тұздығындағы батат қосылған фланк стейк 8799
Тарихтың дәмі әр тілімде сезіледі. Аңыз бойынша, англ тайпалары бұл стейкті баттатпен бірге V ғасырдың өзінде дайындаған екен. Д-дәстүр.

Птитим мен стриплойн стейк 11999
Атауы сізді шатастырмасын. Мұнда стриптиз де, арыстан да жоқ.
Бұл — мәрмәр құрылымы мен қанық дәмі үшін бағаланатын ең танымал стейктердің бірі. Әр кесегі нағыз гастрономиялық ләззат сыйлайды.

Картоп езбесімен берілетін оссобуко 7999
Мойындаймыз, ломбардиялықтар тамақ дайындауды біледі. Ағылшын асханасының жауһары емес, әрине, бірақ дәмін татуға тұрарлық.

Жасымық қосылған баяу бұқтырылған сиыр брискеті 9799
Жасымық өз рөлін атқарып тұрғандай көрінеді, бірақ бұл тағамда бар назар жұмсақ, шырынды сиыр брискетіне ауады.

Бұрыш соусы қосылған филе-миньон 6999
Артық ештеңе жоқ: грильде піскен бұзау еті, қою бұрыш соусы және жеңіл картоп пюресі. Бұдан жақсысын тіпті анаң да жасай алмайды.

Картоп езбесімен берілетін сиырдың қабырға еті 10999
«Нәзік» деген сөздің мағынасын білесің бе? Оны қабырға етінің дәмін татып көргенде түсінесің!

Грильде піскен көкөністермен берілетін қойдың белдеме еті 11499
Жаңа Зеландияның қозы еті деп ойламаңыз — бұл жергілікті қойдың еті.

Қуырылған жұмыртқасы қосылған бифштекс 5299
Егер Мишлен жұлдызын Қазақстанда беретін болса, бұл бифштекс кемі 4 жұлдыз алар еді. Кереметтігі соншалық!

Строганов стилінде қойшы пирогы 4799
Ағылшын бәліші Тургеневті көп оқып, өмір туралы ойға шомып кеткендей. Оны саңырауқұлақ, кілегей және арақ қосылған соуспен ұсынамыз.

Ет соустағы митболдар қосылған казареччe 4399
Сицилия тек мафиясымен емес, үй пастасын жасаудағы шеберлігімен де танымал. Біз де бұл жағынан сәл сицилиялықпыз — казареччеміз қалағанымыздан да керемет шықты.

BBQ соусындағы шошқа қабырғалары 6899
Жұмсақ ет пен қою BBQ соусын таза отырып жеу мүмкін емес. Бірақ дәмі соған әбден лайық.

Гай Фокс рецепті бойынша балапан еті 5299
Дәмдеуішті соус қосылған кесілген балапан еті.


Ірімшік пен картоп қосылған тауық шницелі 3499
Қытырлақ панировкадағы шырынды тауықтан артық не болуы мүмкін? Әрине, қасына бір сыра!

Пеште піскен бұрыш соусы қосылған тауық еті, күрішпен ұсынылады 3899
Дәмді болғаны соншалық, табақта қалатын соусты нан батырып жеп тауысқың келеді...

Алматы стиліндегі донер 4799
Лаваш — таудай аппақ. Ет — тура Көк базардан. Ал соусы — ГРЭС маңындағы ауадай ерекше әрі қанық!

*** Қызмет көрсету ақысы 10% құрайды.**
Егер сізде қандай да бір өнімге аллергия болса, бізге хабарлаңыз.

БАР



!АҒЫМДАҒЫ СУСЫНДАР МӘЗІРІ БАРДА

*** «Жарнама туралы» Заңның 13-бабына сәйкес.**
Бұқаралық ақпарат құралдарында алкогольді жарнамалауға тыйым салынады.